



EGEMEN QAZAQSTAN

Мемлекетшілдік мінбері

28 АҚПАН 2024 ЖЫЛ, СӘРСЕНБІ №41 (30770)

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Мемлекет мүддесі – басым бағыт



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Жиын барысында Ұлттық қауіпсіздік стратегиясын жүзеге асыруға бағытталған негізгі әдіс-тәсілдерді жандандыру мәселелері қарастырылды. Мемлекет басшысы әлемде қалыптасқан күрделі геосаяси ахуал жағдайында талқыланып отырған проблематика Қазақстанның экономикалық және әскери әлеуетін нығайту тұрғысынан зор мәнге ие екенін атап өтті.

Бұдан бөлек, Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров баяндама жасады. Сонымен қатар бірқатар салалық мемлекеттік органның басшылары мәлімет берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін негізгі сын-қатерлерге объективті талдау жасап,

олардың алдын алу шараларын әзірлеу қажеттігін айтты.

Президент азаматтардың және тұтас мемлекеттің қауіпсіздігі Үкімет пен барлық ведомство қызметінің басым бағыты ретінде әрдайым ерекше назарда болуға тиіс екенін атап өтті.

Қауіпсіздік Кеңесі отырысының қорытындысы бойынша ұлттық мүддені қорғау және ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерді басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар шешім қабылданды.

САРАПТАМА

Үкілі үштік: Үміт пен күдік

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бытырғы Жолдауында банк секторындағы негізгі мәселелердің бірі жоғары шоғырлану екенін атап өткен еді. «Сондықтан осы саладағы бәсекелестікті арттыру мақсатында шетелдік сенімді үш банкті елге тарту керек» деді. Содан бері 5 ай өтті.

Гүлбаршын АЙТЖАНБАЙҚЫЗЫ, «Egemen Qazaqstan»

Қаржы нарығы бәсекеге дайын ба?

Нарық заңына енді ғана бейімделіп жатқан біз емес, дамыған, алпауыт елдердің өзі өзге елдердің озық тәжірибесімен қаруланып, барлық сегментте интеграциялануға мүдделі. Біраз елде билбордтарда көздің жауын алатын «Coca-Cola», «Gucci», «Chanel», «Dior» жарнамасы ғана емес, UBS, «Bank of America», «JPMorgan», «BNP Paribas» сияқты ірі банк атаулары да самсап тұр.

Шетелдік банктер біздің нарық үшін жаңалық емес. Кейінгі жиырма жылда олардың бірі келді, бірі кетті. Қазір бізде екінші деңгейлі 21 банк жұмыс істейді. 12 банкте шетелдік акционерлердің үлесі бар. Басқа банктерде шетел капиталының үлесі айтарлықтай аз. Қазақстанның банк секторындағы шетелдік банктер негізінен сауда операцияларына немесе өз елінің компанияларына қызмет көрсетеді.

(Соңы 6-бетте)



РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- 1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне:
1) 15-баптың 1-тармағының 4-1) тармақшасындағы «қорытындылары» деген сөз «барысы» деген сөзбен ауыстырылсын;
2) 16-баптың 1-тармағында: мынадай мазмұндағы 5-3) және 5-4) тармақшалармен толықтырылсын:
«5-3) жайылымдардың тозуымен және шөлейттенуімен күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеп, бекіту;
5-4) жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеп, бекіту;»;
10-2) тармақшада:

- төртінші және бесінші абзацтар алып тасталсын; мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын: «жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу туралы жартыжылдық және жылдық есептерді ұсыну»; мынадай мазмұндағы 10-5) тармақшамен толықтырылсын: «10-5) жайылымдардың оты-суының молдығы және жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің жай-күйі туралы деректерді жинауды жүзеге асыру»;
3) 17-бапта:
8-2) тармақшадағы «қорытындылары» деген сөз «барысы» деген сөзбен ауыстырылсын;

(Жалғасы 9-бетте)

КӨКЕЙКЕСТІ

Жұмыспен қамтудың жауапкершілігі

Бытыр елдегі жастар саны 2 миллионға көбейді. Тәуелсіздік алған жылдардан бері туу көрсеткіші де айтарлықтай өскен. Германияның «Фредрих Эберт» қорының мамандары әлеуметтік зерттеу жүргізіп, Қазақстан халқының басым бөлігі жастар деген пікір білдірді. Мұны Ұлттық статистика бюросы ұсынған дерек те растайды. Яғни республикада 14-35 жас аралығындағы азаматтар халықтың шамамен 30 пайызын құрайды. Ал ел ертеңіне бағытталған саясат қалай жүзеге асырылып жатыр? Сындрлы көзқарас қалыптасқан ба?

Зейін ЕРҒАЛИ, «Egemen Qazaqstan»

«Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңда: «Қазақстандағы жастар саясатының мақсаты – жастардың рухани, мәдени, кәсіби және физикалық дамуы, білім алуы үшін, қолайлы жағдай жасау, олардың табысты әлеуметтенуі мен шешімдер қабылдауға қатысуын қамтамасыз ету, жастар әлеуетін ел дамуына бағыттау» делінген. «Қазақстан жастары» ұлттық баяндамасының сауалнамасына үнілсек, елдегі бұл бағыттағы жұмыстарды 35-ке дейінгі азаматтардың 68,7 пайызы – «жоғары», 15,7 пайызы «түрлі деңгейде іске асыруға тиімсіз» деп баға берген. Қалғаны мүлдем іс-шара-

лардан хабарсыз екенін жеткізген. Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру кешенді үдеріс десек, түрлі бағдарлама мен жоба осы бағыт-бағдардың негізгі компоненті болып есептеледі. Ал жастардың оған қатысу деңгейінің төмен күйде қалуы алаңдаушылық тудырып отыр. Бұл – елдегі осы бағыттағы жұмыстардың бір қайнауы ішінде деген сөз.

Ауыл жастары арасында жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар мен жобалар туралы жас буынның дені хабарсыз, бұл бағыттағы көрсеткіштің төмен деңгейі байқалады. Бұл туралы «Қазақстан жастары» ұлттық баяндамасында былай деп атап көрсетілді:

(Соңы 11-бетте)

СЕРПІНДІЛІК СТРАТЕГИЯСЫ

Отандық өндірушіні қолдау күшейеді

Кеше Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыру барысы қаралды. Сондай-ақ Үкімет Астана агломерациясын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекітті.



Нұрбай ЖОЛШЫБАЙҰЛЫ, «Egemen Qazaqstan»

Құрылыс басталғаннан бақылауға алынады

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова ұлттық жоба 655 жаңа алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысанын (медициналық пункт, фельдшерлік-акушерлік пункт, дәрігерлік амбулаториялар) салуды, 32 көпбейінді орталық аудандық ауруханаларды жаңғыртуды, сондай-ақ ауылдағы денсаулық сақтау нысандары үшін 1 100 медицина қызметкерін даярлау керектігін алға тартты. Бүгінгі таңда 92 медициналық-санитарлық алғашқы көмек объектісінің құрылысы аяқталған, 7 медициналық мекеме бойынша жұмыстар жалғасып жатыр. Бұйырғса жыл соңына дейін тағы 556 нысанды пайдалануға беру жоспарланып отыр. Ұлттық жобаның қалған бағыттары бойынша қажетті рәсімдер мен үдерістер жүріп жатыр.

(Соңы 2-бетте)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

мынадай мазмұндағы 8-4), 8-5) және 8-6) тармақшалармен толықтырылсын:

«8-4) жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау жөніндегі жоспарларды іске асыру;

8-5) жайылымдардың тозуымен және шөлейттенуімен күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарларын іске асыру;

8-6) жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын іске асыру;»;

4) 18-бапта:

8-2) тармақшадағы «қорытындылары» деген сөз «барысы» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-4), 8-5) және 8-6) тармақшалармен толықтырылсын:

«8-4) жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау жөніндегі жоспарларды іске асыру;

8-5) жайылымдардың тозуымен және шөлейттенуімен күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарларын іске асыру;

8-6) жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын іске асыру;»;

5) 19-баптың бірінші бөлігінде:

4) және 5) тармақшалардағы «қорытындылары» деген сөз «барысы» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-2), 4-3) және 4-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-2) жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау жөніндегі жоспарларды іске асыру;

4-3) жайылымдардың тозуымен және шөлейттенуімен күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарларын іске асыру;

4-4) жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын іске асыру;»;

6) 26-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі «2-тармағы бірінші бөлігінің 7-1) тармақшасында көрсетілген жайылым алқаптары» деген сөздер «2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жайылымдар, оның ішінде көпшілік пайдаланатын жайылымдар» деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 36-баптың 1-тармағында:

екінші абзац алып тасталсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«шөп шабу үшін;»;

8) 43-1-бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жайылымдарды шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жөніндегі конкурса шығарылатын жер учаскелерінің тізбесіне енгізу Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар ескеріле отырып жүзеге асырылады.»;

10-тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасы «қағидаларын» деген сөзден кейін «және жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын» деген сөздермен толықтырылсын;

14-тармақтың екінші бөлігі «адамдарға» деген сөзден кейін « ауыл шаруашылығы кооперативтеріне» деген сөздермен толықтырылсын;

9) 49-2-бапта:

1-тармақтағы «жеке ауласын және бақша шаруашылығын ұстау бойынша халықтық мұқтажынан қанағаттандыру мақсатында жайылымдық және шабындық алқаптарды пайдалану үшін» деген сөздер «жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю бойынша халық мұқтажын қанағаттандыру мақсатында жайылымдық және шабындық алқаптарды пайдалану және бақша шаруашылығы үшін» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю бойынша халық мұқтажын қанағаттандыру мақсатында жайылымдық және шабындық алқаптарды пайдалану және бақша шаруашылығы үшін» деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтың екінші бөлігіндегі «Резервке» деген сөз «Жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю бойынша халық мұқтажын қанағаттандыруға арналған көпшілік пайдаланатын жайылымдарды, жайылымдарды қоспағанда, резервке» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 65-баптың 1-тармағы 13) тармақшасындағы «хабарлауға міндетті.» деген сөздер «хабарлауға» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 14) және 15) тармақшалармен толықтырылсын:

«14) қоршау немесе өзге де мақсаттарда, оның ішінде адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, сондай-ақ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүддесіне зиян келтіруге ықпал ететін мақсаттарда топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алуға және (немесе) құнарлығын жоюға жол бермеуге және оны жүргізбеуге;

15) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерді алқаптардың белгіленген түріне сәйкес пайдалануға міндетті.»;

11) 84-баптың 2-тармағының 4-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-1) жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген және «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес жайылымдарға, оның ішінде көпшілік пайдаланатын жайылымдарға халық мұқтажын қанағаттандыру;»;

12) 92-баптың 4-тармағының 3) тармақшасындағы «жырма» деген сөз «су» деген сөзбен ауыстырылсын;

13) 93-баптың 3-тармағының 2) тармақшасы «қағидаларында» деген сөзден кейін «және жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларында» деген сөздермен толықтырылсын;

14) 97-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы оның бөлікпен толықтырылсын:

«Көпшілік пайдаланатын жайылымдар – елді мекендердің іргелес аумағында орналасқан және мемлекет меншігіндегі, жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларының аналық мал басын жаю бойынша жергілікті халық мұқтажын қанағаттандыруға арналған жайылымдар;»;

15) 98-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін халық мұқтажын қанағаттандыруға арналған жайылымдарды, оның ішінде көпшілік пайдаланатын жайылымдарды ауыл шаруашылығы алқаптарының басқа түрлеріне ауыстыруға тыйым салынады.»;

16) 100-баптың 3-тармағында:

«2-тармағында» деген сөздер «2-тармағының 1) және 3) тармақшаларында» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында санамаланған жер учаскелерін арнаулы жер қорының құрамына енгізу соттың шешімі бойынша жүргізіледі.»;

2. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне:

99-баптың 1-тармағында:

екінші бөлік «сәйкес» деген сөзден кейін

«Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарда аталған» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Орман және табиғат қорғау мекемелері ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органына жайылымдар мен шабындықтар алып жатқан алаңдар мен олардан бос алаңдарды, олардың орналасқан жерін көрсете отырып, мемлекеттік орман қорының шөп шабу және мал жаю мүмкін болатын учаскелері туралы, сондай-ақ оларды пайдалану шарттары туралы мәліметтерді ағымдағы жылғы 1 қарашадан кешіктірмей ұсынуға міндетті.»;

3. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына:

39-3-баптың 2-тармағының 4-1) тармақшасындағы «қорытындылары» деген сөз «барысы» деген сөзбен ауыстырылсын.

4. «Қазақстан Республикасы Жер кодексінің жекелеген нормаларының қолданысын және «Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының қолданысқа енгізілуін тоқтата тұру туралы»

2016 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1-баптың 4) тармақшасының екінші абзацындағы «, ал шалғайдағы мал шаруашылығын жүргізу (маусымдық жайылымдар) үшін уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен» деген сөздер алып тасталсын.

5. «Жайылымдар туралы» 2017 жылғы 20 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Заң жайылымдарды ұтымды пайдалануға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді және жайылымдардың тозу процесстерін болғызбауға, жайылымдық инфрақұрылым объектілерінің жай-күйін жақсартуға бағытталған.»;

2) 1-бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) жайылымдар – ауыл шаруашылығы жануарларын жыл бойы немесе маусымдық жаю үшін берілетін және пайдаланылатын жер учаскелері. Жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю кезінде жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормалары сақталған кезде жайылымдардың өнімділігі жайылтатын ауыл шаруашылығы жануарларына жемшөп қажеттілігінен асатын жағдайларда жемшөп дайындау мақсатында шөп шабуға жол беріледі;»;

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

«12-1) көпшілік пайдаланатын жайылымдар – елді мекендердің іргелес аумағында орналасқан және мемлекет меншігіндегі, жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларының аналық мал басын жаю бойынша жергілікті халық мұқтажын қанағаттандыруға арналған жайылымдар;»;

3) мынадай мазмұндағы 3-1-бапмен толықтырылсын:

«3-1-бап. Жайылым пайдаланушыларды және жайылым пайдаланушылар бірлестіктерін (жай серіктестіктерді, консорциумдарды) мемлекеттік қолдау

Жайылым пайдаланушыларды және жайылым пайдаланушылар бірлестіктерін (жай серіктестіктерді, консорциумдарды) мемлекеттік қолдау

Жайылым пайдаланушыларды және жайылым пайдаланушылар бірлестіктерін (жай серіктестіктерді, консорциумдарды) мемлекеттік қолдау Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.»;

4) 4-баптың 1) тармақшасы «сактай отырып» деген сөздерден кейін «нысаналы мақсаты бойынша» деген сөздермен толықтырылсын;

5) 6-бапта:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау және жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу жөніндегі жоспарларды әзірлеу әдістемесін әзірлеп, бекітуді;»;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі үлгілік жоспарды әзірлеп, бекітеді;»;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) жайылымдарды қалпына келтіру, сақтау, ұтымды пайдалану және түбегейлі жақсарту үшін жайылымдарға геоботаникалық зерттеп-қарау мен мониторингін ету, ғылыми-зерттеу, іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырады;»;

6) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«7-бап. Облыстың жергілікті атқарушы органының құзыреті

Облыстың жергілікті атқарушы органының құзыретіне:

1) уәкілетті органға:

жайылымдарды ұтымды пайдалану;

жайылымдардың тозуымен және шөлейттенуімен күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу туралы жартыжылдық және жылдық есептерді ұсыну;

2) жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарларды іске асырылуын мониторингілеуді жүзеге асыру;

3) жайылымдардың оты-суының молдығы және жайылымдық инфрақұрылым объектілерін жай-күйі туралы деректер жинауды жүзеге асыру;

4) жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау жөніндегі жоспарларды әзірлеп, бекіту;

5) жайылымдардың тозуымен және шөлейттенуімен күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеп, бекіту;

6) жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеп, бекіту;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметіне бір облыстың аумағындағы жайылымдарды басқа облысқа пайдалану үшін беру туралы ұсыныстар енгізу;

8) бір ауданның (қалалардағы аудандардан басқа), облыстық маңызы бар қаланың аумағындағы жайылымдарды, оның ішінде шалғайдағы жайылымдарды басқа ауданға (қалалардағы аудандардан басқа), облыстық маңызы бар қалаға пайдалану үшін беру;

9) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзіне жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.»;

7) 8-баптың 2) тармақшасындағы «қорытындылары» деген сөз «барысы» деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 9-бапта:

1-тармақта:

2) тармақшадағы «қорытындылары» деген сөз «барысы» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы «схемасын» деген сөз «ұсынылатын схемаларын» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1), 4-2), 4-3), 4-4), 4-5) және 4-6) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-1) жайылым пайдаланушылар бірлестіктерін

(жай серіктестіктерді, консорциумдарды) құруға жәрдемдесу;

4-2) жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау жөніндегі жоспарларды іске асыру;

4-3) жайылымдардың тозуымен және шөлейттенуімен күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарларын іске асыру;

4-4) жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын іске асыру;

4-5) облыстың жергілікті атқарушы органына бір ауданның (қалалардағы аудандардан басқа), облыстық маңызы бар қаланың аумағындағы жайылымдарды, оның ішінде шалғайдағы жайылымдарды басқа ауданға (қалалардағы аудандардан басқа), облыстық маңызы бар қалаға пайдалану үшін беру туралы ұсыныс енгізу;

4-6) бір аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің аумағындағы жайылымдарды басқа аудандық маңызы бар қалаға, кентке, ауылға, ауылдық округке пайдалану үшін беру;»;

2-тармақта:

1) және 5) тармақшалардағы «қорытындылары» деген сөз «барысы» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1), 6-2), 6-3) және 6-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«6-1) жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау жөніндегі жоспарларды іске асырады;

6-2) жайылымдардың тозуымен және шөлейттенуімен күрес жөніндегі іс-шаралар жоспарларын іске асырады;

6-3) жайылымдарды суландыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын іске асырады;

6-4) ауданның (қалалардағы аудандардан басқа), облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына бір аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің аумағындағы жайылымдарды басқа аудандық маңызы бар қалаға, кентке, ауылға, ауылдық округке пайдалану үшін беру туралы ұсыныстар енгізеді;»;

9) 10-баптың 2) тармақшасындағы «қорытындылары» деген сөз «барысы» деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«13-бап. Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар

1. Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процесстерін болғызбау мақсатында қабылданады.

Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды әзірлеу кезінде:

өңірдің жер балансының және мемлекеттік жер кадастрының ақпараттық жүйесінің деректері;

жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қарау мәліметтері;

мал қорымдары (биометриялық шұңқырлар) туралы мәліметтер;

жайылымдық инфрақұрылым объектілері туралы және ауыл шаруашылығы жануарларын айдап өтуге арналған сервитуттар туралы мәліметтер;

иелерін көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарларының сәйкестендіру деректері базасынан алынған ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы саны туралы деректер;

ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жаныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер;

шалғайдағы жайылымдарда жаю үшін ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы мәліметтер;

екіне және аридтік жайылымдарда, орман, су қорлары мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінде ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері туралы деректер;

жайылым айналымдарының ұсынылатын схемалары;

мемлекеттік органдар, жеке және (немесе) заңды тұлғалар ұсынған өзге де деректер ескеріледі.

2. Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар:

1) жер учаскесіне құқық белгілейтін және сәйкестендіретін құжаттар негізінде меншік иелері немесе жер пайдаланушылары туралы мәліметтерді көрсетіп, жайылымдардың шекараларын, алаңдары мен түрлерін, оның ішінде шалғайдағы, маусымдық, аридтік және екіне жайылымдарды көрсете отырып, жер санаттары бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жайылымдардың орналасу схемасын (картасын);

2) жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю бойынша халық мұқтажына арналған жайылымдар, оның ішінде көпшілік пайдаланатын жайылымдар белгіленген схеманы (картаны);

3) жайылым айналымдарының ұсынылатын схемалары белгіленген схеманы (картаны);

4) ауыл шаруашылығы жануарларын айдап өтуге арналған сервитуттар, мал айдағын жолдар мен өзге де жайылымдық инфрақұрылым объектілері, сондай-ақ мал қорымдары (биометриялық шұңқырлар) белгіленген схеманы (картаны);

5) жайылым пайдаланушыларға жер пайдалануға берілу мүмкін жайылымдар белгіленген схеманы (картаны);

6) жеке ауладағы ауыл шаруашылығы малын жаю бойынша халық мұқтажын қанағаттандыру мақсатында резервке қойылуға тиіс жайылымдар белгіленген схеманы (картаны);

7) суды тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көздерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасын;

8) ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын шалғайдағы жайылымдарда орналастыру схемасын;

9) жайылымдарды ауылдық округке кіргізіп ауылдық елді мекендер арасында жобалық бөледі (қайта бөледі);

10) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті өзге де талаптарды қамтуға тиіс.

3. Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды ауданның (қалалардағы аудандардан басқа), облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімдерімен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен бірлесіп, жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі үлгілік жоспардың негізінде әзірлейді.